



1ST INTERNATIONAL
**CONGRESS OF HUMAN AND
SOCIAL SCIENCES RESEARCH**

1. ULUSLARARASI
**İNSAN VE TOPLUM BİLİMLERİ
ARAŞTIRMALARI KONGRESİ**

**PROCEEDING BOOK
&
BİLDİRİ KİTABI**



BANDIRMA
ONYEĐİ EYLÜL
ÜNİVERSİTESİ



**23-25
KASIM
NOVEMBER
2018**



I. Uluslararası İnsan ve Toplum Bilimleri Araştırmaları Kongresi
23-25 Kasım/November 2018



Editör / Editor

Dr. Öğr. Üyesi Mustafa YİĞİTOĞLU

Kongre Onursal Başkanları / Honorary Heads of Congress

Prof. Dr. Refik POLAT, Karabük Üniversitesi Rektörü

Prof. Dr. Süleyman ÖZDEMİR, Bandırma Onyedi Eylül Üniversitesi Rektörü

Kongre Başkanı / Chair

Dr. Öğr. Üyesi Mustafa YİĞİTOĞLU (Karabük Üniversitesi, İnsan ve Toplum Bilimleri Dergisi Editörü)

Kongre Koordinatörü / Coordinator

Doç. Dr. Hayrettin KESKİNGÖZ (Karabük Üniversitesi, İnsan ve Toplum Bilimleri Dergisi Alan Editörü)

Sekreterya / Secretariat

Mustafa Süleyman ÖZCAN

Düzenleme Kurulu / Organizing Committee

Dr. Öğr. Üyesi Ö. Faruk HABERGETİREN (Karabük Üniversitesi, İnsan ve Toplum Bilimleri Dergisi Alan Editörü)

Doç. Dr. Halim GÜL (Karabük Üniversitesi, İnsan ve Toplum Bilimleri Dergisi Alan Editörü)

Doç. Dr. Erhan TECİM (Necmettin Erbakan Üniversitesi, İnsan ve Toplum Bilimleri Dergisi Alan Editörü)

Doç. Dr. Üyesi Hamdi KIZILER (Karabük Üniversitesi, İnsan ve Toplum Bilimleri Dergisi Alan Editörü)

Dr. Öğr. Üyesi Ersin MÜEZZİNOĞLU (Karabük Üniversitesi, İnsan ve Toplum Bilimleri Dergisi Alan Editörü)

Dr. Öğr. Üyesi Tuğrul TEZCAN (Karabük Üniversitesi, İnsan ve Toplum Bilimleri Dergisi Alan Editörü)

Dr. Öğr. Üyesi Yakup KOÇYİĞİT (Karabük Üniversitesi, İnsan ve Toplum Bilimleri Dergisi Alan Editörü)

Dr. Öğr. Üyesi Mustafa Selim YILMAZ (Karabük Üniversitesi, İnsan ve Toplum Bilimleri Dergisi Alan Editörü)

Dr. Öğr. Üyesi Şükrü MADEN (Karabük Üniversitesi, İnsan ve Toplum Bilimleri Dergisi Alan Editörü)

Dr. Öğr. Üyesi Nevzat Sağlam (Karabük Üniversitesi İlahiyat Fakültesi)

İTOBİAD KONGRE/18 I. International Congress of Human and Social Sciences Research	
Nadire Emel Akhan, Nesrin Sönmez.....	832
XX FASЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ 20.	
Yüz Yıl Başında Kazak Edebiyatı Meseleleri	850
<i>Nazira Dassonova / НАЗИРА ДОСАНОВА.....</i>	850
The Meaning and Scope of Jihad in Islamic Law	856
Necmeddin Güney.....	856
Toplum Hayatındaki Beklentilerin Çocuk Dergilerine Yansımı: 1.	
Dünya Savaşı Dönemi Çocuk Dergilerinden Türk Yavrusu ve Çocuk	
Yurdu Örneği	865
Nurgül Karayazı, Neslihan Karakuş.....	865
Kur'an Açısından Çokkültürlülük ve Eğitim	877
Nurullah AYDENİZ.....	877
Kıblenin Mescid-i Aksa'dan Mescid-i Haram'a Tahvili.....	891
Ömer Faruk Habergetiren	891
PISA Örneklemi Üzerinden Beşeri Sermaye İle Bölgesel Kalkınma	
İlişkisinin İncelenmesi.....	901
Yasemin Bozkurt Özyalçın, Ömer Faruk Özyalçın	901
Bir Kültür Adamı Olarak Kenan Çığman.....	911
Recep Büyüktolu,.....	911
Osmanlı Devleti'nde Sünnî Düşüncenin Resmî İdeoloji Olarak Kabul	
Edilmesi Üzerine Bir Değerlendirme	922
Recep Önal.....	922
Su İdarelerinde Yönetişim Algısı: Antalya Su Ve Atıksu İdaresi	
Örneği.....	935
Rukiye ÖZKAN, Metin ÖZKARAL, Levent AYTEMİZ.....	935
İş Performansının Psikolojik Sermaye ve İş Tatmini Açısından	
Değerlendirilmesi	947
Saadet Ela Pelenk	947
Bir Muhalefet Merkezi Olarak Manastırlar.....	955
Salih İNCİ.....	955



I. Uluslararası İnsan ve Toplum Bilimleri Araştırmaları Kongresi
23-25 Kasım/November 2018



**XX ГАСЫР БАСЫНДАГЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ 20.
Yüz Yıl Başında Kazak Edebiyatı Meseleleri**

Nazira Dassonova / НАЗИРА ДОСАНОВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD
докторанты, e-mail: kaznu.nazi@gmail.com

Бұл мақалада XX гасыр базындағы қазақ әдебиетіндегі мәселелері
қарастырылады.

В статье рассматриваются проблемы казахской литературы
начала XX века.

**The work Discusses Problems of Kazak Literature of The
Beginning of XX Century.**

Қазақ әдебиеті тарихында ең бір елеулі түрлі ізденістер мен
қайшылықтарға толы жемісті кезең – XX гасырдың бас кезі. Қазақ
әдебиеті тарихын зерттеу мен оқытудың күрделі мәселелері осы кезеңге
жинақталған. Мұның басты үш себебі бар. Біріншіден, жазба әдебиеттің
мейлінше өркен жайған тұсы; екіншіден, әдеби жанрлардың әр
саласында әдеби-көркемдік ізденістердің белек алған тұсы; үшіншіден,
әр түрлі әдеби ағымдар мен бағыттардың айқындалған кезеңі.

XX гасыр базындағы қазақ әдебиеті 1900-1917 жылдардагы мерзімді
қамтиды. Яғни, осы айтылған кезде туган коркем шыгармалар Қазан
төңкерісі алдындағы қазақтың жазба әдебиетінің тарихына енеді. Бұл
кезде қазақ әдебиетінің осу, өркендеу үдерісіне сол тұстагы саяси,
тарихи, экономикалық, мәдени құбылыстардың тікелей құшті ықпал
еткені мәлім. Аталған кездегі қазақ әдебиетін сол дәүірдің жемісі деп үту
занды. Бұл тұста ескіше оқыған, діни білім алған қаламгерлер тана емес,
қазақша-жаңаша, орысша оқыған, дүниелік ғылым, білім алған ақын-
жазушылар көбейді. Олар қазақ арасындағы барлық ескілік қалдығын,
тенгіздікті, патша үкіметінің отаршылдық саясатын, бектік-феодалдық,
капиталистік қанауды сынады; халықты оянуға, саяси, мәдени
шаруашылық жақтан жетілуге, еңбек-онеркәсіпке, оқуга озық елдердің
мәдениетін, онер-ғылымын үйренуге, отырықшылыққа көшіп, қала
буолуға үтіттеді; халықтың бостандығын, теңдігін, бақытты омірін аңсады
және сол жолда қызмет етті.

Қазақтың XX ғасыр басындағы ақын-жазушылары түрлі жанрда жазды. Қай жанрда жазса да, не шығыстың, не орыс халқының классикалық әдебиетіне, өздерінен бұрынғы не түсіндағы қазақ ақын-жазушыларына елікеп жазбай, солардың бәрінің жақсы ұлті-өнегелерін үйреніп, өздерінше жазды. Әрқайсысы өзіндік тақырыбы, ой-пікірі, тілі, стилі бар, дарынды қаламгерлер еді.

XX ғасыр басындағы қазақтың жазба әдебиеті мен қатар ауыз әдебиеті де өмір сүрді. Қазіргі халық ақындары деп аталып жүрген ақындар сияқты, еліміздегі жыршы-жыраулардың, ақындардың ауызша шыгарған, біреуден-біреуге, елден елге ауызша тараған өлең-жырлары, қисса-дастандары, айттыс өлеңдері шықты.

Тарихи-әлеуметтік жағдайға байланысты «әдеби зерттеулерде XX ғасыр басындағы қазақ ақын-жазушыларын идеалық ағым-багыттарына қарай мынадай топтарға болді: 1) діни-ағартушы ақын-жазушылар; 2) ағартушы-демократ ақын-жазушылар; 3) буржуазияшыл-ұлтшыл ақын-жазушылар» [1, 38 б.].

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев негізін қалаган жазба әдебиеттің ең бір шырқау биікке көтерілген тұсы – XX ғасырдың бас кезі. Бұл тұста батыс пен шығыс әдебитіне қанық, «Абай туын биік көтерген», поэзиясынан нәр алған, оның дәстүрін дамытып, жалғастыруышылар – Шәкірім Құбайдердіұлы, Мәшіһұр-Жұсіп Көпееев, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев сыңды әдебиет алыптары келді. Қай бағыт ақын-жазушысының шығармашылығы болмасын қазақ әдебиетіндегі негізгі идея, негізгі мақсат ортақ тақырып ретінде көрініс табуы. Ол – ұлт қамы, халық тағдыры, елді өркениетке жеткізу жолында қызмет ету.

Бұл үш бағыт өкілдерінің қай-қайсысы да өз шығармаларында ел тағдыры, ұлт мұддесіне қатысты мәселелерді көтере білді.

Енді аталған үш бағыт өкілдері нақты кімдер, бағыттың негізгі арнасы мен шығармашылық жаршысына тоқталсақ. Діни-ағартушы ақын-жазушылар: Мәшіһұр-Жұсіп Көпееев (1858-1931), Мақыш Қалтаев (1869-1916), Нұржан Наушабаев (1859-1919), Ақмолла Мұхамедияров (1831-1895), Әубәкір (Кердери) Шоқанов (1858-1912), Мұсабек (Молда Мұса) Байзакұлы (1849-1932), Шәді Жәңғіров (1855-1933) т.б. діни сауаты терең ақын-жазушылар діни-ағартушы бағыттың басында тұрды. Исламды адамгершілік пен имандылық, ар, жан тазалығы деп үққан олар адамгершілік, гуманистік, имандылық, ой қорытуларын діни үгымдармен жанастыра отырып беруге тырысты. Құран Көрім

ІТОВІАД KONGRE/18 | I. International Congress of Human and Social Sciences Research

сүрелерінен, аят, хадистерден алғынған ұлғі, өсінет, ғибрат сөздерді философиялық астарлы ойды беруге, қарапайым халықтың ислам дінін шынайы, имандылық тұргысынан терең мән беріп қабылдауына ықпал жасау үшін пайдаланды. Мұсылман дінін дәріптейтін дастандар жазды, мінәжат, мадак т.б. діни жанrlарды өз шығармаларының негізгі арқауына айналдырыды. Діни-ағартушы ақындар шығармашылығына тірек болған қазақ поэзиясының арғы арналарындағы Ахмет Яссави, Рабғузи, Ахмет Жүйгүнеки т.б. шығармашылықтары, әдебиеттегі діни сарындар. Бұл бағыттағы ақындардың бір тобына тән ерекшелік – қиссанылдық, кітаби сюжеттерге еліктеушілік.

Мәшіүр-Жұсіп Кепеев өз өлеңдерінде өнердің алды ғылым-білім екенін былайша толғайды:

Жігіттер, «өнер алды – ғылым-білім» -

Деген жан, құлагын сал Ислам дінін. [2, 107 б.]

Не нәрсе парыз болса, ғылым – парыз,

Ғылым білсөң өтелер қанша қарыз.

Дін үйрен, ғылым ізден, болмасаң көр,

Қанша айтқанмен, ғылымсыз жоқ саған төр! [2, 115 б.]

Жасымнан мен ғылымды қылдым талап,

Жұрт алған бір басымды көпке балап. [2, 119 б.]

Жалпы алғанда, діни ағартушы ақындар өз дәрежесінде қазақ поэзиясының коркемдік деңгейін биікке котерді.

Ағартушы-демократтық бағыттың құрамында қаралатын ақын-жазушылар ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің оркендеуіне олшеусіз үлес қосты. Бұл бағыттагы ақын-жазушылардың білім деңгейлері түрліше сипатта болып келеді. Көбі сауатын қазақша-жаңаша (жадидше) оқумен ашып, кейін орыс мектептерінде оқып, дүниелік ғылым-білімнен молынан хабардар болып өсті. Олар негізінен орыс-батыс әдебиетіне еліктеп, сол деңгейде шығарма жазуга талаптанды. Жазушылықпен бірге қогам қайраткері ретінде де танылған оларды ұлтының ертені көбірек толғандырыды. Бұл бағыттагы ақын-жазушылар қазақ арасындағы ілгершіл қогамға жат ескілік қалдығын, теңсіздікті, отаршылдық саясатты аяусыз сынады. Халықты оянуға, мәдени-шаруашылық жақтан жетілуғе, еңбекке, оқуга, алдыңғы қатарлы

елдер мәдениетінен үйренуге, отырықшылдыққа, қала салуға үндеді. Әлеуметтік теңсіздіктің басты көрінісі ретінде әйел теңсіздігін алдып, өздерінің негізгі шығармаларына осы тақырыпты арқау етті. Агартушы-демократтық бағыттары ақын-жазушылар шығармашылығы шын мәніндегі сыншыл реалистік дәрежеге көтеріліп, дүние құбылысын кең, терен негізде ашты. Бұл бағыттың өкілдеріне таза әдеби шығармашылықпен айналысып, кәсіптік деңгейде жазушылық шеберлікке көтерілген Шәкәрім Құдайбердиев (1858-1931), Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920), Мұхамеджан Сералин (1872-1929), Сәбит Дөнентаев (1894-1933) сынды ақын-жазушылармен бірге шығармашылығы агартушылық-ұстаздық қызметтерімен тығыз байланыста орістеген Спандияр Кобеев (1878-1956), Бекет Өтегілеуов (1883-1949), Тайыр Жомартбаев (1884-1937) сынды тікелей агартушылық тақырыпта қалам тербеген ақын-жазушылар да жатады.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың поэзиясы – ақындық шеберліктің, ұлтжандылықтың, азаматтықтың мектебі.

Қараңғы қазақ көгіне,

Өрмелеп шығып күн болам.

Қараңғылықтың көгіне,

Күн болмаганда кім болам, [3, 15 б.]

– деп жырлаган ақынның шын мәнінде де, бүгінде қазақ аспанындағы рухани сөүле шашып тұратын ең жарық күндердің бірі болып мәңгілікке қалғанына ешкімнің де таласы жоқ.

Ұлт-азаттық бағыттары ақын-жазушылар шығармашылығының басты міндеті ұлт-азаттығының тірері ұлттық сананы ояту болды. Олар өз шығармашылығында отаршылдыққа қарсы ашықтан-ашық, пікір айтып, азатшыл күрес идеясын өркениетті елдердегі саяси күрес тәсілімен ұштастыруды мақсат тұтты. Бұл бағыттың қалыптасуына XX ғасырдың басындағы жаңа әлеуметтік саяси күш – ұлтжанды зиялы топтың пайда болуы жан-жақты әсер етті. Ұлт-азаттық әдебиет бағытының өкілдері қандай да бір әдеби шығарма болмасын, оған ұлттық мұрат тұргысынан талап қойды. Сөйтіп, қазақ әдебиетіндегі озінен бұрынғы Дулат, Шортанбай, Мұрат, Махамбет дәстүрлерін жаңа арнаңа дамытты. Бұл бағыттың негізін қалаған Ахмет Байтұрсынов (1872-1938), Міржақып Дулатов (1885-1935), Мағжан Жұмабаев (1893-1938), Жүсінбек Аймауытов (1889-1931), Берніяз Құлеев шығармашылығында Россия империясы отаршылдық езгісінің бүкіл сипаты толық ашылды.

ІТОВІАД КОНГРЕ/18 | I. International Congress of Human and Social Sciences Research

Міржақып Дулатов өзінің тұңғыш туындысымен «Оян, қазақ!» деп үрандата, қазақ әдебиетіне өршіл сарын, тіліп түсер өткір сөз, ойлы пікір әкеліп:

«Газет-журнал оқысан,
Көзіңді қазақ ашасың
Дүние халін білмесен,
Ілгері қалай басасың?» [4, 12 б.],
—деп үрандап, «Оян, қазақ»:
Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қарангыда бекер жасты!
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп.
Қазагым енді жату жарамасты! [4, 24 б.],
— деп жар салып халықты оятуға тырысты.

XIX ғасырдағы Абай қара сөздерінің Ыбырай әңгімелерінің ізімен XX ғасырдың басында қазақ ұлтының болмысын қара сөзді шығармалар арқылы суреттеуді мақсат тұтқан зиялышарымыздың ұмтылыстары өз нәтижесін бермей қалған жок. Қазақ прозасының қанатын кеңге жая бастағанының күесіндегі роман жанры дүниеге келді. Қазақ қаламгерлері ұлтымыздың басындағы қасіретті жағдайларды шығармаларына басты тақырып етіп алғып, оларды мейлінше терең ашып корсетуге тырысты. Міржақып Дулатов жазған қазақ әдебиетіндегі алғашқы роман — «Бақытсыз Жамал» 1910 жылы дүниге келді. Оған қанаттаса өздері роман деп атаған Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» (1912), М.Кәшімовтың «Мұңды Мариям» атты ұзақ әңгімелері, Спандияр Кобеевтің «Қалың мал» (1913), Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» (1914) романдары жарыққа шықты. Бұл XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі роман жанрының тууы мен ол жолдагы көркемдік ізденістер корінісі еді.

XX ғасыр басындағы әдебиетті зерттеуші Есмағамбет Ысмайлұв 1941 жылы жазған оқулығында: «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті өзінің идеялық мазмұны жағынан да, түрлі стилі, бағыты жағынан да қанатын кеңге жайып, бұтақтанып есken, алдына қойған әлеуметтік мәселелері қазақ халқының XX ғасырдағы саяси қоғамдық өміріне тыныз байланысты

қоғамдық қайшылық, таптық күрестерді айқын көрсеткен әдебиет» [5, 4 б.], – деп бағалаған жана ғасыр әдебиетіне арналған алғашқы оқулық.

Қорыта айтқанда, XX ғасырың бас кезіндегі қазақ әдебиеті – шын мәніндегі «алтын ғасыр» әдебиеті. Алдыңты дәуірлерді жаңашылдықпен дамытқан, кейінгі кезеңге дәстүр ретінде жаңа серпін берген өміршең әдебиет.

Әдебиеттер:

1. Әбдіманұлы Ә. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: оқулық / 2-бас. – Алматы, 2017. – 406 б.
2. Көпееев М.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том – Павлодар, 2008. – 119б.
3. Торайғыров С. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы, Жібек жолы, 2002. – 176 б.
4. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы: Бірінші том: Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер // Құрастырушылар: Дулатова Г., Иманбаева С. – Алматы, Мектеп, 2002. – 368 б.
5. Ысмайлұев Е. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазбірмембас., 1941. – 203 б.